

«Электрондық сәулет» Ғаламтор ресурсын пайдалану туралы келісім (Пайдаланушы келісімі)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы пайдаланушы келісімі (бұдан әрі - Келісім) «Электрондық сәулет» Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының Иесі, Әкімшісі және Пайдаланушысы арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді.

1.2. Осы Келісімде төмендегі түсініктер пайдаланылады:

1) «Электрондық сәулет» Ғаламтор ресурсы (бұдан әрі – Ғаламтор ресурсы) – өз алдында «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ рұқсаттар мен келісімдерді қабылдау, қарастыру және беру сервисін бейнелейтін ақпараттық жүйе;

2) Ғаламтор ресурсының құраушылары – ақпарат және (немесе) сервистерді ұсынуға, нақты рұқсаттар мен келісулерді ұсынуға арналған Ғаламтор ресурсының бөліктері, бөлімдері немесе модулдері;

3) электрондық қызмет (бұдан әрі - Қызмет) – ақпараттық технологияларды қолданумен жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық және интерактивті қызметтер ұсыну;

4) Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының иесі (бұдан әрі - Иесі) – «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ;

5) Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының пайдаланушысы (бұдан әрі - Пайдаланушы) – осы Келісімнің шарттарын қабылдаған, Ғаламтор ресурсында тіркелген, өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттарды немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде интерактивтік мемлекеттік қызметтер алу үшін Ғаламтор ресурсының және (немесе) оның құраушыларының қызметтерін пайдаланатын кез-келген жеке немесе заңды тұлға;

6) Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының әкімшісі (бұдан әрі - Әкімші) – «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ;

7) қызмет беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсететін «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ;

8) қызмет көрсету субъектісі – Ғаламтор ресурсы арқылы электрондық қызмет көрсетуші жеке және заңды тұлға;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құралған және электрондық құжат сенімділігін, оның тиістілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалар жинағы;

1.3. осы Келісімде пайдаланылатын барлық басқа да терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі.

2. Келісім пәні

2.1. Осы Келісім көпшілік офертасы болып табылады. Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының материалдарына рұқсат ала отырып, Пайдаланушы осы Келісімге қосылған және оның барлық шарттарын қабылдаған болып саналады.

2.2. Әкімші кез-келген уақытта бір тарапты тәртіпте осы Келісімнің шарттарын өзгертуге құқылы. Осындай өзгертулер Келісімнің жаңа нұсқасын Ғаламтор ресурсында орналастыру сәтінен бастап, біруақытта Келісімнің алдыңғы нұсқасын жоюмен, 3 (үш) күн өтуі бойынша күшіне енеді.

2.3. Пайдаланушының енгізілген өзгертулермен келіспеуі жағдайында ол Ғаламтор ресурсын және оның құраушыларын пайдаланудан бас тартуға және Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының материалдарын, сервистерін пайдалануды тоқтатуға міндетті.

2.4. Пайдаланушымен Ғаламтор ресурстарының құраушыларын пайдалану, сілтемесі Ғаламтор ресурсының барлық беттерінде орналастырылған, оларды пайдалану бойынша нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

2.5. Ғаламтор ресурсы және оның құраушылары арқылы қызмет көрсету нәтижесінде алынған мәліметтердің сенімділігі үшін қызмет беруші немесе Қызмет көрсету субъектісі жауапкершілік артады.

2.6. Пайдаланушымен Ғаламтор ресурсы нысанында көрсетілген электрондық адрес төмендегі жағдайларда хабарлама алу үшін арналған:

- 1) хабарлама алу үшін Пайдаланушымен жазылу;
- 2) құпиясөзді қалпына келтіру.

2.7. Осы Келісімге қол қоюмен Пайдаланушы, Ғаламтор ресурсы және оның құраушылары арқылы оған қызмет көрсету, сондай-ақ ұсынылған (көрсетілген) Қызметтің сапасын жетілдіру мақсатында, Ғаламтор ресурсында Пайдаланушымен ұсынылған оның дербес деректерін және басқа да ақпараттарын жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға жазбаша келісімін береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Иесі және Әкімші:

3.1.1. қажет болған жағдайда Пайдаланушымен енгізілген деректердің сенімділігін, соның ішінде мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға жүгіну арқылы тексеруге;

3.1.2. Пайдаланушымен осы Келісімнің шарттарын бұзу жағдайында Пайдаланушыны тіркеуден бас тартуға, жоюға және Пайдаланушының есепке алу жазбасына блок қоюға;

3.1.3. Пайдаланушыға электрондық адрес тіркеу барысында көрсетілген аккаунтта және хаттарда жолданған хабарлама форматында ақпараттық сипатта хабарлама жолдауға құқылы.

3.2. Иесі және Әкімші:

3.2.1. Пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз немесе басқа да заңды негізсіз Пайдаланушының дербес деректерін жарияламау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

3.2.2. Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының қызмет жасауын қамтамасыз етуге;

3.2.3. Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, Пайдаланушы рұқсаты үшін оған сеніп тапсырылған құпиясөзді деректердің алмасу үдерісімен байланысты емес өзге тұлғалардан құпия сақтауға міндетті.

3.3. Пайдаланушы:

3.3.1. Ғаламтор ресурсы және оның құраушылары қызметін алу үшін:

1) тіркеуге дейін қолданыстағы ЭЦҚ ие болуы;

2) тіркеу рәсімін өтуге;

3) Ғаламтор ресурсын және оның құраушыларын пайдалану бойынша нұсқаулықты сақтауға;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының шарттарына сәйкес ЭЦҚ жаңартуға.

3.3.2. Иесі мен Әкімшіге, Ғаламтор ресурсында тіркеу нысанында немесе оның құраушыларын пайдалану барысында ұсынылатын тармақтар бойынша нақты және толық ақпарат ұсынуға;

3.3.3. Қазақстан Республикасы заңнамасын немесе халықаралық құқық нормаларын, соның ішінде зияткерлік меншік, авторлық және/немесе шектес құқықтар саласында бұзу ретінде қарастырылатын әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының қалыпты жұмысын және сервистерінің бұзылуын тудыратын немесе тудыруы мүмкін әрекеттерді жасамауға;

3.3.4. Қазақстан Республикасы заңнамасын және өсиет пен өнегеліктің жалпы қабылданған нормаларын бұзатын Ғаламтор ресурсында және оның құраушыларында енгізілетін ақпараттың келіспеушілігіне жол бермеуге;

3.3.5. Ғаламтор ресурсында жұмыс жасау барысында өзін өзге тұлға ретінде көрсетпеу, вирусты немесе басқа да зиян келтіретін бағдарламалық қамтамасыз етуді кірістіретін материалдарды пайдаланбауға, өзінің ЭЦҚ пайдалануға;

3.3.6. Ғаламтор ресурсын және Ғаламтор ресурсында алынған ақпаратты терроризм, экстремизм, халықаралық араздық тудыру мақсаттарында және Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынған басқа да мақсаттарда пайдаланбауға міндетті.

4. Тараптардың жаупкершілігі

4.1. Келісім тараптарының барлығына немесе біреуіне зиян келтіруді тудырған осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда, кінәлі тарап Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады.

4.2. Әкімші, Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының жұмысында Әкімшіден, Иесінен тәуелсіз себептер бойынша немесе Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының қызмет көрсету бойынша жоспарлық немесе жоспардан тыс іс-шаралар жүргізу жағдайында туындаған уақытша техникалық жаңылулар мен үзілістерге жауапкершілік артпайды.

4.3. Иесі мен Әкімші байланыс желісі жұмысындағы уақытша жаңылыстар мен үзілістерге, басқа да ұқсас жаңылыстарға, сондай-ақ Пайдаланушының Ғаламтор ресурсына және оның құраушыларына қолжетімдікті жүзеге асыратын компьютердің, байланыстың ұялы құрылғысының ақаулары үшін жауапкершілік артпайды.

4.4. Иесі мен Әкімші Пайдаланушы алдына Ғаламтор ресурсының және оның құраушыларының басқа Пайдаланушылары әрекеттері үшін жауапкершілік артпайды.

4.5. Иесі мен Әкімші қандай да бір тікелей, жанама нұқсан үшін, жіберіп алған пайданы, пайдаланудан нұқсанды, деректерді жоғалтып алғанды немесе басқа да материалдық емес шығындарды абыройына нұқсан келтіруді қоса алғанда және басқа да:

1) Пайдаланушылармен Ғаламтор ресурсын және оның құраушыларын пайдалану немесе пайдалану мүмкіндігінің болмауы;

2) Иесімен және (немесе) Әкімшімен Келісім шарттарын өзгертудің нәтижесінде туындаған нұқсандар үшін жауапкершілік артпайды.

4.6. Пайдаланушы Ғаламтор ресурсында және оның құраушыларында тіркелу барысында ұсынылған деректердің сенімділігі үшін, сондай-ақ Ғаламтор ресурсын пайдалану үдерісінде деректерді уақытылы жаңартпағаны және түзетпегені үшін жауапкершілік артады.

4.7. Пайдаланушы, онымен өзі туралы сенімсіз мәліметтерді ұсыну нәтижесінде туындаған, сондай-ақ Ғаламтор ресурсында және оның құраушыларында тіркеумен, және оның құраушыларын пайдаланумен байланысты өзінің деректерін үшінші тұлғаларға бергені үшін барлық қатерді және мүмкін нұқсанды өзіне қабылдайды.

5. Басқа да ережелер

5.1. Осы Келісімнен туындайтын немесе онымен байланысты барлық мүмкін болатын даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешуге жатады.

5.2. Пайдаланушылардың кез-келгенімен Келісім ережелері бұзылған жағдайда Әкімші тарапынан әрекет етпеуі Иесін кейін өзінің мүдделерін қорғау және заңнамаға сәйкес қорғалатын Ғаламтор ресурстары материалдарына мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғауда сәйкесінше әрекеттер қабылау құқығынан айырмайды.